

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 26 ақпандағы N 190 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 тамыздағы N 784 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Тауарлардың жекелеген түрлерін әкелуге сандық шектеулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 26 ақпандағы N 190 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2008 ж., N 10, 106-құжат) мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулыға 2-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі екі апта мерзімде Еуразиялық экономикалық қоғамдастығы Интеграциялық Комитетінің Хатшылығын Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайтын сыртқы сауда қызметін реттеу шаралары туралы хабардар етсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Ү к і м е т і н і ң
2008 жылғы 28 тамыздағы
N 784 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасының
Ү к і м е т і н і ң
2008 жылғы 26 ақпандағы
N 190 қаулысына

2-қосымша

Ақ қантқа квота бөлу

N	Занды тұлғалардың атауы	Квота көлемі, тонна
1.	"Қарағанды конфеттері" акционерлік қоғамы	4 211
2.	"Баян Сұлу" акционерлік қоғамы	12 750
3.	"Ақтөбе кондитер фабрикасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	3 000
4.	"РАХАТ" акционерлік қоғамы	14 250

5.	"Шаныбек" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	5 000
6.	"Восток-Кондитер" комбинаты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	1 200
7.	"Голд Продукт" акционерлік қоғамы	400
8.	"Астрон" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	650
	Жиыны:	41 461

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК